

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**  
**Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының докторанты**  
**Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының «БД020900 – Шығыстану»**  
**мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін**  
**дайындаған «Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай**  
**тілінің таралуы» атты тақырыбындағы диссертациялық**  
**жұмысына ресми рецензент, философия докторы (PhD)**  
**Дәуен Динара Бақыткерейқызының**

**СЫН ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.**

Қытайдың Орта Азия елдеріне, Қазақстан қоғамына жасаған көп жылдан бергі экономикалық экспансиясының әсері қазір анық байқала бастады, әсіресе қытай тілі мен мәдениетінің дендеп енуі көпшіліктің алаңдаушылығын туғызды. Соған байланысты қоғамда «антиқытайлық» толқулар мен насихаттың белең алып отырғаны жасырын емес. Сондықтан Қытайдың сыртқы тілдік саясаты әлем елдерінде қалай жүрді, Қазақстанда қытай тілі мен мәдениеті қалай таралуда? Оның ықпалы қаншалықты деңгейде? деген сияқты көкейкесті сұрақтарға ғылыми түрде жауап беруде аталмыш тақырыптың өзектілігі айырықша.

Қазіргі жаһандық саяси өзгерістерде, әлемнің жетекші мемлекеттері халықаралық аренадағы мақсаттарына жету үшін, жақын және алыс шекараларда өздерінің ұлттық мүдделерін қорғау үшін пайдаланатын «жұмсақ күштің» рөлі арта түсті. Олар «жұмсақ күштің» негізгі құралы ретінде ұлттық тілдерін шет елдерге таратуға үлкен күш салып отыр. «Жұмсақ күштің» бұл компоненті, бір жағынан, олардың арасындағы лингвоясаяси бәсекелестіктің өте маңызды элементі болса, екінші жағынан, әлем халықтары арасындағы мәдени-тілдік қарым-қатынас пен өркениетаралық диалогтың маңызды факторына айналды.

Қытай өзінің ұлттық тілі мен мәдениетін шет мемлекеттерге арнайы түрде таратудың астарында қандай да бір саяси мақсаттың жатқанын анықтау өте маңызды болып отыр. Өйткені ол жаһандану бағытына ықпал ететін пәрменді тенденция ретінде әлемнің назарын аударып отырғаны жасырын емес. Сондықтан әр ел өзінің мемлекеттік мүддесін қорғау тұрғысынан бұл мәселеге баса назар аударып отыр.

Қазіргі кезде Қытайдың «Жаңа Жібек Жолы экономикалық белдеуі» стратегиясын жүзеге асыруына байланысты өзінің сыртқы саясатында тілі мен мәдениетіне басымдық беру әрекетінің маңызы арта түсті. Ал енді белдеудің бойында орыналасқан мемлекеттердің ішінде Қазақстанға басымдық беріліп отырғанын ескеретін болсақ тақырыптың өзектілігі күмәнсіз.

Осыған байланысты Е.Ә. Керімбаевтың диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламалардың басымдықтары мен сұраныстарына сәйкес келетін өзекті мәселеге арналған деп айтуға болады.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертация жұмысы төмендегідей бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген деуге болады:

**Бірінші ғылыми нәтижеде** Қытайдың «жұмсақ күш» саясатында өзінің ұлттық мәдениеті мен тіліне басымдық беріп отырғаны және қытайлық «жұмсақ күштің» ерекшеліктері нақтыланған;

**Екінші ғылыми нәтижеде** Қытайдың сыртқы тілдік саясатының алғышарттары мен себептері, мақсат, міндеттері мен негізгі құралдары және әдіс-амалдары сараланған;

**Үшінші ғылыми нәтижеде** Қытайдың «жұмсақ күш» саясаты мен сыртқы тілдік саясатының әлемнің әр аймағындағы жүргізу саясатының айырмашылықтары сараланған;

**Төртінші ғылыми нәтижеде** Конфуций институттарының құрылу тарихы, мақсат-міндеттері мен оның бүкіл әлемде жүргізіп отырған қызметі мен ықпалы айқындалған;

**Бесінші ғылыми нәтижеде** Қытайдың өзінің ұлттық мәдениеті мен тілін бүкіл әлемдік жаһандану процессіне балама ретінде ұсынып отырғаны және осы саясаты арқылы халықаралық аренада ықпалды елдердің қатарына ұмтылып отырғаны дәйектелген;

**Алтыншы ғылыми нәтижеде** Орталық Азия мемлекеттеріндегі қытай тілі мен мәдениетінің таралуы мен осы аймақтағы Конфуций институттарының қызметі зерттелген;

**Жетінші ғылыми нәтижеде** Қазақстандағы қытай тілі мен мәдениетінің таралуы және қоғамдағы ықпалы сараланып, оның даму тенденциясына сараптама жасалған;

**3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің жаңашылдық, өзіндік және нақтылық дәрежесі, қорытындыларының негізделуі.**

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен нәтижесі ғылыми тұрғыдан негізделген деуге болады.

**Бірінші ғылыми нәтиже дәлелденген деуге негіз бар.** Ізденуші қытайлық ғалымдардың еңбектерін саралай келе, Джозеф Найдың ұсынған «жұмсақ күш» теориясын өз ыңғайларына келтіріп, алдыңғы орынға ұлттық мәдениеті мен тілін шығарып отырғанын анықтаған. Осы арқылы қытайлық «жұмсақ күш» саясатының ерекшелігін пайымдаған.

**Екінші ғылыми нәтиже айқын дәлелденген.** Себебі диссертант ҚХР-дың «жұмсақ күш» саясатын және тілін әлемге тарату әрекетінің себебі мен салдарын әлемдік саясаттың өзгеруімен байланыстыра отырып қарастырған. Қытайдың сыртқы тілдік саясатын жүргізудегі негізгі тұғыр болған тұжырымдар мен бағдарламаларды саралай отырып оның сырт әлемге ұлттық тілі мен мәдениетін таратуды өзінің «жұмсақ күш» дипломатиясының құралы ретінде қолданып отырғаны дәлелдеген.

**Үшінші ғылыми нәтиже** нақты және негізделген болып табылады. Автор дүниенің түрлі аймағындағы мемлекеттердің қытай тілі мен мәдениетін қабылдау себептері әртүрлі екенін дәйектеген. Америка мен Еуропаның дамыған мемлекеттерінің қытайдың тілі мен мәдениетін үйрену

мақсаты Қытайды ғылыми түрде тану және онымен бәсекеге дайын болу үшін қабылдап отырғаны дәлелденген.

**Төртінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген. Ізденуші тіл мен мәдениетті ілгерілетуге, өзара түсіністікті нығайтуға, елдің имиджін арттыруға бағытталған сыртқы мәдени іс-шараларды «тілдік дипломатияның» көріністері екенін дәлелдей келе, Қытайдың сыртқы тілдік саясатының негізгі атқарушы мекемесі Конфуций институттары екенін айқындаған.

**Бесінші ғылыми нәтиже** нақты және негізделген болып есептеледі. Ізденуші бұл нәтижені негіздеу барысында Қытайдың «жұмсақ күш» саясатына, оның ішінде тіл мен мәдениетіне басымдық бере отырып, өзінің әлемдік аренадағы жағымды бет-бейнесін қалыптастыруға, сол арқылы батыстық жаһандануға қарсы тұруға және әлемге өзінің құндылықтарын сыналап енгізуге әрекет етіп отырғанын дәлелдеген.

**Алтыншы ғылыми нәтижеде** негізделген деуге болады. Зерттеуші Орта Азия аймағының Қытайдың сыртқы саясатында алатын орны ерекше екені дәлелдеген. Орталық Азияға Қытай «жұмсақ күшінің» ықпалы алдымен тіл және мәдениетін таратудан басталып, қытайлық құндылық көзқарастарын сіңіруге қарай бет алып бара жатқаны дәйектелген. Ал, қытай тілін оқыту Орталық Азиядағы мемлекеттерде екі жүйе бойынша өрістеп отырғаны, яғни бірі жергілікті жоғары оқу орындары мен әлеуметтік тіл оқыту орталықтарында, екіншісі Конфуций институттары мен сыныптары жүйесінде іске асып жатқанын нақтыланған.

**Жетінші ғылыми нәтиже** нақты және негізделген. Диссертант Қытайдың Қазақстанда өзінің ұлттық тілін таратуды «жұмсақ күш» саясатының аясында өзінің қаржы және техникалық әлеуетінің мүмкіндіктеріне арқа сүйей отырып, өте шебер дипломатиялық жолмен жүзеге асыру барысын анықтаған.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жанашылдық деңгейі.**

**Бірінші нәтиже салыстырмалы түрде жаңа болып есептеледі.** ХХІ ғасырдың басында «жұмсақ күш» концепциясы халықаралық дипломатияның теориясы мен практикасында кеңінен қолданысқа енгені, әсіресе әлемдік көшбасшылыққа ұмтылған державалар «жұмсақ күш» саясатын жүргізуге ойысқаны нақтыланған. Олар «жұмсақ күш» саясатын өздерінің ұстанған құндылық көзқарастарымен ұштастырып жүргізіп келе жатқаны және оны Қытайдан анық аңғаруға болатыны анықталған.

**Екінші нәтиже жаңа болып саналады.** Қытайдың сыртқы тілдік саясатының тарихы, алғышарттары, халықаралық жағдайы, мақсаты және оны жүргізіу құралдары мен механизмдерінің қалыптасуы қазақ тілінде бұған дейін жан-жақты терең қарастырылмған еді.

**Үшінші нәтижені жаңа деуге болады.** Себебі Қытайдың сыртқы тілдік саясатының аймақтық ерекшеліктері мен оны қабылдаған елдердің арасындағы айырмашылық қазақ қытайтануында осы уақытқа дейін зерттелмеген.

**Төртінші нәтиже жаңа болып саналады,** әлемдік саясаттағы лингвистикалық өлшемнің негізгі категориясы халықаралық аренадағы өз

ықпалын күшейту мақсатында өз тілін таратуға бағытталған белгілі бір мемлекеттің тілдік саясаты екені анықталған. Ал Қытай билігі осы мақсат-міндеттерге Конфуций институттары арқылы жетуге әрекет етіп отырғаны және сол мекеменің даму үдерісі мен ықпалы айқындалған.

**Бесінші нәтиже жаңа болып есептеледі,** ХХІ ғасырдағы түрлі елдер мен аймақтар арасындағы бір-біріне деген тәуелділігінің артуы мен мәдениеттердің бір-бірімен араласуы жағдайында, заманауи халықаралық қатынастардың дамуына лингвистикалық фактордың ықпалы күннен-күнге артып отырғанын дәйектеген. Қытай өзінің «жұмсақ күш» ресурстары арқылы әлемдік көшбасшы болуға ұмтылып отырғаны түрлі деректермен нақтыланған.

**Алтыншы нәтиже салыстырмалы түрде жаңа болып есептеледі,** Қытайдың Орта Азия мемлекеттеріне қатысты «жұмсақ күш» саясатына басымдық беріп отырғаны және тілі мен мәдениетін таратуда негізгі құрал Конфуций институттары мен сыныптары екені дәлелденген.

**Жетінші нәтиже ішінара жаңа болып саналады.** Еліміздегі қытай тілінің оқытылуы мен қытай мәдениетінің таралуы кезеңдер бойынша қарастырылып, оның қарқынды таралуының және ықпалының тереңдей түсуінің себептері айқындалған.

**5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Е.Ә. Керімбаевтың зерттеу жұмысының практикалық маңызы ондағы тұжырымдар мен көтерілген идеяларды халықаралық қатынастар, сыртқы саясат, қытайтану, Қазақстан мен Қытай қатынастары, Қытай мен Орталық Азия қатынастары, аймақтану саясаты, халықаралық қатынас теориясы, дипломатия теориясы пәндерін оқытуда кеңінен пайдалануға болады. Жұмыста келтірілген материалдар мен құжаттар, теориялық-әдіснамалық ұстанымдар жоғарыда аталған салалар бойынша іргелі еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуге мүмкіндік туғызады.

**6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының диссертациялық жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары 12 ғылыми мақалада жарияланған. Соның ішінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған журналдарда 4 мақала, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың жинақтарында 7 мақала жарияланған. Жұмыс тиісті сыннан толық әрі сәтті өткен.

**7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертациялық жұмыс құрылымы талаптарға сәйкес жүйелі құрылған. Әрбір тараулар мен тараушаларында пропорция мен логика негізге алынған. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан талапқа сай жазылған.

Дегенмен, диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығымен бірге төмендегідей ескертпелер мен кемшіліктерді атап өткен жөн:

1. Жұмыстың практикалық қолданылуына қатысты ұсыныстар көбірек енгізілгенде ғылыми еңбектің сапасы биіктей түсер еді деп ойлаймын.

2. Қазақстандағы қытай тілінің таралуына қатысты статистикалық мәліметтерді көптеп пайдаланғанда жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

3. Диссертацияда біршама стилистикалық кемшіліктер, орфографиялық қателіктер және ғылыми стильге келтіретін сөйлемдер кездеседі.

Алайда аталған кемшіліктер мен олқылықтар Е.Ә.Керімбаевтың диссертациялық жұмысының сапасына нұқсан келтірмейді, жұмыстың ғылыми құндылығын кемітпейді.

Жалпы, жұмыс диссертацияларға қойылатын теориялық-әдіснамалық талаптарға толық жауап береді. Ұсынылып отырған жұмыстың мазмұны мен қорытындысы зерттеу жұмысына қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін, дербес орындалған диссертациялық жұмыс деуге болады.

**8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған ізденуші Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының «Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі өзекті тақырыптардың біріне жазылған, толыққанды аяқталған өзіндік ғылыми еңбек.

Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторы Керімбаев Ержан Әбдірайымұлы «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,  
Философия докторы (PhD),  
Абылай хан атындағы Қазақ  
Халықаралық қатынастар және  
әлем тілдері университеті  
шығыстану факультетінің деканы

15.01.2021 ж.



Д.Б. Дәуен

Қойылған Д.Б. Дәуен  
қолтаңбасын растаймын  
Кадрлар бөлімінің инспекторы  
Подпись Д.Б. Дәуен заверяю  
Инспектор отдела кадров